

«Пәнді оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру»
тақырыбындағы әдістемелік дөңгелек үстел



2026 жылдың 20 наурыз күні мектебімізде әдістемелік бірлестіктердің жұмысын жетілдіру, тәжірибе алмасу және білім сапасын арттыру мақсатында «Пәнді оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Аталған іс-шараға МИФ, орыс тілі мен әдебиет, тарих және ХБГ пән бірлестіктерінің жетекшілері қатысып, 2,3-тоқсан барысында өткізілген пәндік онкүндіктер бойынша есептерін ұсынды.

Сонымен қатар, мұғалімдер өзара тәжірибе алмасып, сабақ барысында қолданылатын тиімді әдістер мен цифрлық технологиялар жайында пікірлерін ортаға салды. Кейбір қиындықтар мен оларды шешу жолдары да талқыланды.

Алдағы уақытта оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру, тәжірибе алмасуды күшейту туралы ұсыныстар айтылды.